



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры

Т.З.Кембебаева

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2022-2023 оқу жылындағы  
«Даму» оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысының  
ақпанайына арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Негізгі жұмыс бағыттары	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	М.Мақатаевтың туған күніне орай мерекелік кеш ұйымдастыру	Хабарлама	Қазақ тілі мамандары	ақпан
2	«Мәдениеттану» пән бірлестігінің онкүндіктері	Жоспар, хабарлама	ӘБЖ, пән мұғалімдері	ақпан
3	Деңгейлік курс оқыған мұғалімдердің коучинг, тренингтер өткізуі	Бағдарлама, жоспар	Деңгейлік курс оқыған мұғалімдер	ақпан
4	Мұғалімдердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету	Сұраныс	ОТЖО	Жыл бойы
5	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін анықтау, ұлттық біліктілік тестілеуіне өтініштерін қабылдау	Тізім, өтініш	ОТЖО	ақпан

Директордың оқу-тәрбие орынбасары

Ж.Кузенбаева

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша  
06 -21 ақпан аралығында өткізілген Мәдениеттану пән бірлестігінің  
апталығының қортындысы**

2023 жылдың 6-ақпанында апталықтың ашылуы болды. Салтанатты жиын, пән бірлестік мүшелерінің ашық сабақтарын бекіту жоспары жасалынып бекітілді. Еңбек , кітап көрмесін ұйымдастырылды.



10-ақпан күні Досмаилов Бейбіт «Баскетбол ойынының техникасын үйрету» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім «Серпілген сауал» әдісі қолдана отырып, үй тапсырмасын пысықтады оқушылар смс арқылы жауап берді .

Жаңа тақырып бойынша мұғалім тарапынан видео көрсетіліп, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Оқу мақсатына қол жеткізу мақсатында «Пазл әдісі» қолданды. Бұл әдіс тәсілде оқушылар конвертке салынған тапсырманы орындап өз ойларын жеткізді.

Сабақ барысында негізгі үш топқа бөлініп, топ ішінде реттік сан бойынша бір бағалаушыдан тағайындалды. Әр топ бойынша оқушылар алдын-ала өздері ізденіп тапқан білімдерімен бөлісіп, қосымша сұрақтар қою арқылы тереңірек ақпарат алды. Сондай-ақ мультимедиялық тақтада әр түрлі спорттық ойындар көрсетілді. «Таза тақта» әдісі бойынша әр топтағы оқушылар жұптасып, тақтадағы ілінген сұрақтарға жауап алынды.

Сабақты бекіту кезеңінде оқушыларға тест сұрақтары қойылып, жауаптар алынды.

Бағалау әр топтағы бағалаушылар арқылы жүргізілді. Кері байланыс сабақ барысында сұрақ-жауап, әлеуметтік желі, платформалар арқылы, ал жалпы тақырыпты түсіну бойынша «Смс» әдісі арқылы алынды.

13.02.2023ж жоспар бойынша дене шынықтыру пән мұғалімдері «Көңілді старт» 4-5 сыныптар арасында жарыстар өткізді бұл жарыста ерекше жылдамдық ептілік көрсеткен 4ә сыныбы болды нәтиже бойынша жеңісті жеңіп алған 1-орын 4ә сыныбы,2-орын 4а сыныбы,3орын 5а сыныбы арнайы мадақтама ,бағалы сыйлықтар берілді. 15-ақпан күні (2023 ж) көркем еңбек пәнінің мұғалімі Молдабекова Майгул ба-сыныпта «**Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру**» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.



Мұғалім «Wordwall», «Quizizz» платформаларын пайдалана отырып, үй тапсырмасын «Көңілді барабан», өткен тақырыпты пысықтап тест тапсырмасын орындау, «Quizizz» платформасында тест әдісі арқылы пысықтады

Жаңа тақырып бойынша мұғалім тарапынан **«Кинометафора» бейне ролик**

**«Ой қозғау» әдісі** бейнежазба көрсетіліп, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар тарапынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Сарамандық жұмыс "Бұйымды дайындау және безендіру".

Қауіпсіздік ережесі жұмбақтарды шешу арқылы еске түсірді.

Алған өлшемін таңдаған матасына сызады.

Пішеді және қол не машина тігістерімен біріктіреді, сәндейді. Қол және машина тігістерін ұқыпты орындады; Сарамандық жұмысты орындады.

Мұғалімнің сабақта АКТ пайдалану арқылы, интернет платформалары «Wordwall», «Quizizz» бойынша үйлестірілген тапсырмаларды оқушылар қызыға орындады.

Бағалау әр топтағы бағалаушылар арқылы жүргізілді. Кері байланыс сабақ барысында сұрақ-жауап, әлеуметтік желі, платформалар арқылы, ал жалпы тақырыпты түсіну бойынша «қолыңмен көрсет» әдісі арқылы алынды.

Қорытынды: сабақ мақсатына жетті.

Молдабекова Майгул – өз пәнінен теориялық білімі жан-жақты, материалды терең ауқымды меңгерген маман. Жан-жақты ізденісі көп, оқушылармен қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті жоғарғы деңгейде. Сабақ құрылымының әдіс-тәсілдерін, оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын оята отырып, оқушы мен мұғалім арасында жағымды атмосфера орната білді. Формативті бағалары қойылды. 16-ақпан күні Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Буратай Харлығаның 6-сыныпта ұлдарға **«Құрамалы бөлшектерден робот құрастыру»** тақырыбында үлгілі сабақ өткізді. Оқушылар амандасып, сабаққа деген психологиялық көңіл күйлерін осылай бастаймын. **Мақсатымыз**, білім алу, **Міндетіміз**, еңбектену. **Әр оқушы өз құқығын білу, деп мен басын бастаймын оқушылар аяққы сөздерін айтады.** <https://www.canva.com/design/DAFatqBRKXs/cFNXediUXvOC4wZZY694TA/edit> Дөңгелекті айналдыру арқылы аты шыққан оқушылар біртіндеп тақтаға шығады да, топқа бөлініп отырады. Бірінші, екінші топ «Дизайн» және «Өнер» тобы болып отырады. Мұғалім оқушылардан үйге берген тапсырмаларын сурады, үйден жасаған роботтарын тақтаға алып шығып қорғады. <https://www.umaigra.com/editor/game/47500> Поезге отырғызып оқушыларға сұрақтар беріледі сол арқылы жауаптар алынады. Жаңа тақырып бойынша



мұғалім тарапынан бейнежазба көрсетіліп, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар тарапынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Оқу мақсатына қол жеткізу мақсатында «Wordwall» платформасы арқылы тест алынды. Оқушылар әлеуметтік желі арқылы берілген сілтемеге өтіп, тапсырманы дұрыс жауабын таңдау арқылы толық орындап шықты. Сабақ барысында негізгі екі топқа бөлініп, топ ішінде реттік сан бойынша бір бағалаушыдан тағайындалды. Әр топта «төңкерілген сынып» әдісі бойынша оқушылар алдын-ала өздері ізденіп тапқан білімдерімен бөлісіп, қосымша сұрақтар қою арқылы тереңірек ақпарат алды. Мұғалім тәжірибелік жұмыс беріледі екі топқа, екі құрастырғыш берем қалай өздері әр түрлі роботтарын құрастырып қарапайым тілдері мен Жобаларын түсіндіреді. Сондай-ақ «постермен» жұмыс жасайды. Жаңа сабақ бойынша 1-ші тапсырма Ақ параққа суреттер бойынша постер қорғайды. Әр топ өз-өздерін бағалайды. Мұғалімнің сабақта АКТ пайдалану арқылы, интернет платформалары «Wordwall», «Pollie» бойынша үйлестірілген тапсырмаларды оқушылар қызыға орындады. Сабақты бекіту кезеңінде оқушыларға пысықтау сұрақтары «Pollie» платформасы арқылы қойылып, жауаптар алынды. Кері байланыс сабақ барысында сұрақ-жауап, әлеуметтік желі, платформалар арқылы, ал жалпы тақырыпты түсіну бойынша «қолынмен көрсет» әдісі арқылы алынды. Қорытынды: сабақ мақсатына жетті. Оқушылар роботты қалай құрастыру керек екенін қарапайым тәсілдері мен көрсетті. Роботтардың қандай жұмыс атқаратыны туралы білді. 17-ақпан күні (2023 ж) музыка пәнінің мұғалімі Турымтай Хуансын 6-сыныпта **«Кино және музыка»** тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім «Power Point» платформаларын пайдалана отырып, үй тапсырмасын бейнеролик арқылы пысықтады. Оқушылар халық әні «Демімай-ау» әнін меңгеріп шықты.

Жаңа тақырып бойынша мұғалім тарапынан «YouTube» желісінен бейнежазба көрсетіліп, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар тарапынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Оқу мақсатына қол жеткізу мақсатында тапсырмалар мен сөзжұмбақтар, әуенді тап әдістері қолданылды.

Сабақ барысында негізгі үш топқа бөлініп, топ ішінде реттік сан бойынша бір бағалаушыдан тағайындалды. Әр топта «төңкерілген сынып» әдісі бойынша оқушылар алдын-ала өздері ізденіп тапқан білімдерімен бөлісіп, қосымша сұрақтар қою арқылы тереңірек ақпарат алды. Сондай-ақ мультимедиялық тақтада кинодан үзінді көрсетілді. Кино және музыка өнерінің байланысы бойынша топтардан сұрақ-жауап алынды. Сабақты бекіту

кезеңінде оқушылар «Балапан қаз» халық әнін орындады. Бағалау әр топтағы бағалаушылар арқылы жүргізілді. Кері байланыс сабақ барысында сұрақ-жауап, смайлик арқылы жалпы тақырыпты түсіну бойынша «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланды. Қорытынды: сабақта тақырып толық ашылды. Оқушылар «Кино және музыка» өнері туралы танысты, жаңа халық әнін үйренді. Сабақ құрылымы жоспарға сай өткізілді. Турымтай Хуансын- сабақ өткізу тәсілі талапқа сай. Жан-жақты ізденісі көп, оқушылармен қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті жоғарғы деңгейде. Сабақ құрылымының әдіс-тәсілдерін, оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын оята білді.

Апталықтың жабылуына байланысты «Ән әлемінде» атты байқау өткізілді. Бұл байқауда өтте әсерлі әнмен көзге түскен ба сынып оқушысы Таңатарова Адина бас жүлдені жеңіп алды. 1-орын 9ә сынып оқушысы Қыдыргелді Жан. 2-орын Жасқайрат Ақерке. 3-орын Даулетияр Данияр он күндіктің қортындысы бойынша оқушылар мадақтама грамоталармен бағалы сыйлықтармен марапатталды

**Ұсыныс:** Өтілмеген үлгілі сабақтарға жіберілген кемшіліктерді түзетуге байланысты, атқарылатын іс – шаралар жоспары құру. Нормативтік құжаттар толықтырылып кемшіліктерді түзету.

Бірлестік жетекшісі



А. Даулетбаева



**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша  
2022-2023 оқу жылында мектепшілік аттестаттау комиссиясының  
жоспары бойынша біліктілік санатын бекітетін және растайтын  
мұғалімдердің жұмыстары туралы  
Хабарлама**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары.

Педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір реттен сиретпей өткізіледі.

Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды: педагогтер үшін:

- 1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);
- 2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;
- 3) ПББ және эссе жазу (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда);


**Кезекті аттестаттаудан өтуге өтініш беретіндер:**

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Мамандығы	Алдыңғы санаты	Өтініш берген санаты
1	Досымбекова Жазира	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші
2	Шашубаева Фарида	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші
3	Мусаханова Бақыт	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші
4	Жайлауов Нұрболат	Тарих	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші
5	Даулетбакова Айгул	Дене тәрбиесі	Жоғары санатты	Педагог-модератор
6	Байғожа Самат	Дене тәрбиесі	Санаты жоқ	Педагог-модератор
7	Дарибаева Ажар	Бастауыш	Санаты жоқ	Педагог-модератор
8	Қаирғали Дария	Информатика	Санаты жоқ	Педагог-модератор

9	Алмат Роллан	Ағылшын тілі	Санаты жоқ	Педагог-модератор
10	Иманбек Арайлым	Тарих	Санаты жоқ	Педагог-модератор
11	Нурманов Ерлан	Тарих	Санаты жоқ	Педагог-модератор
12	Жолдыбай Алтынай	Психолог	Санаты жоқ	Педагог-модератор
13	Богумбаева Гулмайра	Физика	Санаты жоқ	Педагог-модератор
14	Хамилдаева Гүлсезім	Бастауыш сынып мұғалімі	Санаты жоқ	Педагог-модератор

Аттестатаудан өтетін мұғалімдер өздерінің кәсіби біліктілігін шыңдауға бағытталған жылдық жұмыс жоспарын мектеп директорымен бекітті.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Кузенбаева мұғалімдерді аттестаттау қағидалары мен ережелерімен таныстырып, атқаратын жұмыстары туралы семинар өткізді.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Ж.Кузенбаева



**«Бірлік орта мектебі» мкм-нің  
2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің курстан өтуі туралы  
ХАБАРЛАМА**

«Бірлік орта мектебі» мкм-нің 2022-2023 оқу жылының басында мұғалімдердің курстан өтуінің кешенді жоспары мектеп директорымен бекітілген. Қыркүйек айынан бастап мұғалімдердің курстан өтуіне тоқталатын болсақ, 15.08- 26.08.2022 ж Мусаханова Б. «Өрлеу», «10-11 сыныптарда «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» (Т1) пәні бойынша педагогтердің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту», Несипбекова А. «Өрлеу», «10-11 сыныптар үшін оқу бағдарламасының күрделі тақырыптарын меңгеру аясында ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерінің құзыреттілігін арттыру», 29.08 - 09.09.2022ж Қайрғали Д. «Өрлеу», «Білім беру робот техникасы және электрондық құрылғыларды жобалау», 12.09-23.09.2022ж Алтаева Қ., Боранбай З. «Өрлеу», «Бастауыш сынып мұғалімдерінің «Математика», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша құзыреттілікті арттыру», «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «10-11 сынып оқушыларына білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру контексінде физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбындағы ақылы курсы Боғумбаева М., Омарова Г. «Өрлеу», «10-11 сыныптарда «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» (Т1) пәні бойынша педагогтердің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту», 26.09-07.10.2022ж Шашубаева Ф., Досымбекова Ж. «Бастауыш сынып мұғалімдерінің «Математика», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша құзыреттілікті арттыру», Иманбек А. «Жаһандық құзыреттіліктер» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан аталған тізімдегі мұғалімдер оқып, сертификатталды.

Жалпы І- жартыжылдықта 9 мұғалім сертификатталды.

Хабарламашы



Ж.Кузенбаева